

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

АШЫҚ САБАҚ



Тақырыбы: «Отан - отбасынан басталады»

Пәні: Қазақ тілі

Пән мұғалімі: И.А.Бекбаева

Сыныбы: 6 «Е»

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін

Қысқа мерзімді жоспар



Бөлім:		2-бөлім: Ұлттық және отбасылық құндылықтар Фонетика Екпін, оның түрлері		
Педагогтің Тегі, Аты, Әкесінің аты :		Бекбаева Индира Абдикаймовна		
Күні:		13.10.2023ж		
Сынып: 6 «Е»		Қатысушылар саны: 26	Қатыспағандар саны:0	
Сабақтың тақырыбы:		Отан отбасынан басталады		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		6.1.2.1 - әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (құттықтау, интервью) көтерілген мәселені талдау; 6.4.2.1 - екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану		
Сабақтың мақсаты		Әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (құттықтау, интервью) көтерілген мәселені талдай алады; екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдана алады.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басталуы 6 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру; «Атомдар мен молекулалар» әдісімен 4 топқа бөлінеді. Шарты: әуен қойылып, оқушылар оған билейді, әр тоқтатқан сайын «Атомдар мен молекулалар!» деп әр түрлі сан айтылып, топтасады, қайта жалғасады. Мұғалім «4» деген санды айтқан кезде, бөлінген құрамы ұнаса, солай бөлуді ұсынады болмаса қалауынша жалғастырып барып, топқа бөледі.	Психологиялық ахуал -Салем достым! (амандасады) -Сен қалайсың? (иықтарынан қағады) -Қайда болдың? (құлақтарынан тартады) -Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды) -Сен келдің! (қолдарын жаяды) -Жақсы болды!(құшақтайды) Қойылған сұрақтарға жауап береді.	Оқушылардың психологиялық ахуалы қалыптасады. Ауызша мадақтау Жарайсың! Керемет шешім! Ойлы шешім! Мұндай ойлы пікірлерді ешқашан естімеппін! Дескриптор Білім алушы -тақырыпты анықтайды; -сұрақтарға жауап береді; -негізгі ойды анықтайды.	Оқулық 6-сынып «Атамұра» баспасы 2018жыл
Сабақтың ортасы 6 минут	«Бес қадам» ойынының шарты: Ортаға табан іздері тасталады.Сыныптан 5 оқушы ойынға шығады. Әр оқушыға лексикалық тақырып бойынша бір сұрақ қойылады. Оқушы берілген табан іздерін баса отырып, жылдам жауап береді. Сұрақ үлгілері: Сұрақ-жауап: 1.Сен қай мемлекетте тұрасың? 2.Қазақстан қандай мемлекет ? 3.Қазақстан қашан тәуелсіз мемлекет болды? 5.Қазақстан мемлекетінің елордасы қай қала 6.«Тәрбие бесіктен басталады» - дейді халық (тақтада берілген сөз) 7. Отан туралы қандай өлең, мақал-мәтел білесің? 8. «Отан» сөзін қалай түсінесің? 9. Бұл ұғымды қандай сөзбен алмастыруға болады?	Мәтінді мұқият тыңдап, тақырыбын анықтайды. Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтап, сұрақтарға жауап береді.	Бағалау Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. (9-10 балл)	Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 6-сынып
6 минут	1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін жетекші сұрақты тауып, негізгі ойды анықта. Көтерілген мәселені анықта. Мәтінде не туралы айтылады?			Оқулық 6-сынып

10 минут	• қазақтың ұлан-байтақ кең даласы туралы; • балалық шақ туралы; • әркімнің өз Отаны болатыны туралы. 6-тапсырма. Екпін түрлерін қолдана отырып, мәтінді оқы. Көтерілген мәселені анықта. Бірінші сөйлемді ой екпіні ережесіне сай бірнеше рет өзің оқып шық. Мәтінде негізгі ойды, көтерілген мәселені анықтайтындай сұрақтар құрастыр. Ынтымақты отбасы (Өсиет әңгіме) Өткен замандарда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, олар бір қауым ел болып бірге тұрыпты. Бұл отбасының өзара татулықта өмір сүруі елді таңғалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен. Бірде бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігенін анықтау үшін, сол ауылға келеді. Ауыл тап-таза, барлығы да жеткілікті, тыныштық пен береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан ынтымақты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-мейрам екен. Бұған патша таңтамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді. Ауыл ақсақалына келіп, отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді. Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспеншілік», жүз рет «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып шығады. Үш сөзді оқыған патша таңғалып: – Бәрі осы ғана ма? – деп сұрайды. – Иә. Барлық ынтымақты отбасылар тек осы қасиеттерден құралады, – деді де, сәл ойланып «шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды. 7-тапсырма. Сөйлемді екпін түрлеріне сай оқы. Мағынасын түсіндіріп жаз. Әке – отбасының басшысы, оның мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Қорытындылау «Тіл өнері» мақал мәтелдің жалғасын табу. 1. Ананың көңілі балада, (баланың көңілі далада) 2. Ұяда не көрсен, (ұшқандасоны ілерсін)	Екпін түрлерін қолдана отырып, мәтінді оқиды. Көтерілген мәселені анықтайды. Бірінші сөйлемді ой екпіні ережесіне сай бірнеше рет оқып шығады. Мәтінде негізгі ойды, көтерілген мәселені анықтайтындай сұрақтар құрастырады.	Тәйке (тауа) – асықтың иіріленде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие. (7-8 балл) Бүге (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие. (4-6 балл) Шіге (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие. (1-4 балл)	«Атамұра» баспасы 2018 жыл
7 минут	Сөйлемді екпін түрлеріне сай оқиды. Мағынасын түсіндіріп жазады.			
5 минут	«Тіл өнері» айдаары бойынша ата-ана, бала тәрбиесі жайында мақал мәтелдің жалғасын табады.			

Сабақтың соңы 5 минут	3.Ананың сүті – бал, (баланың тілі – бал) 4.Туған үйдің түтіні жылы, (туған ананың күтімі жылы) 5.Анаң ауыр сөз айтпа, (артыңа ауыр жүк артпа) 6.Бала – бақшадағы гүлің,----- (оны тәрбиелеу үлкен ғылым) 7.Құс балапаны үшін----- (тұзаққа түседі,) 8.Ана сүтін ақтамағанды ----- (ешкім жақтамайды). 9.Әдепті бала ата-анасын мақтар ----- (әдепсіз бала ата-анасын қақсатар). Ойтаразы Бас бармақ - басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? Балаң үйрек- бірлесу. Мен топта / жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Орған терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? Шылдыр шүмек- шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? Кішкене бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?	Рефлексия жасайды. Бүгінгі сабақта не үйренгендерін, топта қалай жұмыс жасағандарын, қандай білім алғандарын таразылайды.		
--------------------------------------	---	--	--	--

Тексерілген, Назар Борсмабаева









**Отбасы –
отанымыздың ошағы.
Отбасында адам
бойындағы асыл
қасиеттер жарқырай
көрініп, қалыптасады.
Отанға деген ыстық
сезім - жақындарына,
туған - туысқандарына
деген сүйіспеншіліктен
басталады.**

Н.Ә.Назарбаев